

№74 мектеп-гимназиясында 193 мұғалім және 3953 білім алушы бар. Бұл жобаға қатысуға өтініш беру себебіміз мектепте бұл іс-әрекетті 4 жыл бойы қолданғаннан біраз тәжірибе жиналды.

Іс –әрекетті зерттеу мектептің проблемасын шешуге көмектесетін бірден-бір құрал болғандықтан және сабақ беретін мұғалімдердің ұсынысы бойынша педагогикалық кеңесте оқу сапасы ең төмен деп көрсетілген 7 Ә мен 7 Д сыныптары зерттелуге алынатын болды. Назарға неліктен осы сынып білім алушыларының оқу сапасының төмендігі қаралып, ондағы мәселелері қаралатын болып мұғалімдермен және сынып жетекшісімен келісілді.

Қыркүйек айында Педагогикалық кеңесте NIS/Share жобасының 4 негізгі бағдарламасымен ұжым таныстырылды және Мектепте Share жобасының жүргізілуінің мақсаты айқындалды. Жақсы жағы мектептің проблемасын анықтап, шешуге қолданылатын құрал. Share жобасы мектебімізде 2021 жылдан бастап 4-жыл бойы жүргізіліп келе жатқандықтан, зерттеу топтағы мұғалімдер құрамы болды. Биылғы оқу жылында осы зерттеуге алынған 7 Д мен 7 Ә сыныптарға сабақ беретін ерікті мұғалімдерден зерттеуге қатысатын мұғалімдердің құрамы жасалды. Біраз мұғалім көпшілікке сабақ өткізуден, критикадан қашты. Дегенмен, зерттеу тобында 59 мұғалім болды, әр топтан топ басшылары анықталып, топ ішінде міндеттерді бөліп жұмыс барысында топ басшыларына лидердік қасиеттер көрсетулеріне тура келді, олармен апта сайын кездесіп, істелінген жұмыстарды талдадық.

Зерттеудің тақырыбы: 7 «Ә» мен 7 «Д» сынып білім алушыларының сабақтарда қызығушылықтарын және белсенділіктерін арттыру

Зерттеу сұрағы: «Қандай әдістерді қолдану 7«Ә», «Д»-сынып оқушыларының пәндерге қызығушылығын қалай арттырады?»


Зерттеу сұрағын анықтауға көмектескен, сынып ішіндегі кедергілер жайлы мұғалімдер мен оқушылардың сауалнамадан кейінгі талдаулары болды. Бұл зерттеуде сапалық және сандық әдістер қолданылды.

Педагогикалық ұжыммен мектеп миссиясы бойынша сұхбат жүргізілді. Мектеп миссиясы бұрынғыдай «Мектеп-әр тұлғаның қызығушылықтарын арттыратын, шабыттандыратын орта болу керек» деген тоқтаммен өзгеріссіз қалатын болды. Мектептің ортақ көзқарасын, миссиясын анықтауда, оқыту мен оқуға, яғни тиімді педагогикаға арналған ортақ көзқарасты анықтауда «Learning is timeworn, slow and gradual, fits and starts kind of process,requires passion, patience and attention to detail provokes thinking and reasoning» (Visible Learning. J.Hattie) мақаласын талдап, оқытушылар мен оқушылардан сауалнамалар алынып ортақ көзқарас жасалынды.

Мұғалімдерден алынған онлайн сауалнама және мұғалімдермен жүргізілген тренингта сапалы сабақтың ортақ критерилері жасалынды.

Фокус топтағы екі сыныптан онлайн сауалнама алынды. Оқушылардың жақсы сабақ деген қандай деген сұраққа жауаптарын диаграмма арқылы онлайн сауалнамадағы жауаптарын мұғалімдермен кездесуде талқылады. сабақтың сапалы, тиімді өтуін дәлелдейді деп критерилер ортақ табылды.

Оқушылардан алынған сауалнама



Мұғалімдерден алынған сауалнама

Сапалы сабақтың критерийлары қандай болады

7 ответов

1. Оқу мақсаттарына сәйкес білім беру
2. Оқушы сіздің сабағыңызды түсінген кезде.
3. Оқушылардың қабілеттері мен деңгейіне сәйкес білім беру.

Сабақтың мақсаты айқын, мазмұны сапалы, әдіс тәсілдері, оқушы белсенділігі, кері байланыс, уақыт тиімділігі.

Сабақ тақырыбына сай құж және осы сабаққа тақырыбына сай келетін әліс-тәсілдер, мұғалім және оқушы арасындағы байланыс

Сапалы сабақтың критерийлері оқыту процесінің тиімділігін, оқушылардың қызығушылығы мен нәтижелерін арттыруды қамтамасыз ететін элементтерді қамтиды.

Дұрыс мақсат қоя білу

Сабақ сапасының негізгі критерийі – оқушылардың білімділігі, сабақтың мақсатына жету. Сабақтың нәтижелі болуының алғышарттарының бірі- мұғалімнің мәдениеті, жан-жақтылығы мен адамгершілігі.

осы туралы мәлімет қарадыңыз ба, қайдан, қандай

7 ответов

Іс-әрекетті зерттеу бойынша әдебиеттерден оқып таныстым

Біліктілігі арттыру курстары, семинарлардан

Сабақ барысындағы Іс-әрекеттер арқылы

...

оқытуды қалай түсінесіз

7 ответов

Оқушыларға мақсатқа сәйкес білім беру.

Білім процесі ретінде, тәжірибе жинақтау процесінде

Оқушыға сапалы білім беру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, заманауи ғылым тілін меңгерту

Оқытуды мен білім беру мен үйренудің өзара байланысы ретінде түсінемін. Бұл – адамның жаңа білім, дағды, немесе тәжірибені игеру процесі. Оқыту тек ақпаратты беру ғана емес, сонымен қатар, адамның танымдық қабілеттерін, шығармашылық ойлауын дамыту және жеке тұлғалық өсуіне ықпал ету.

Сабаққа дайындықпен келу

білім беру педагогикалық үрдісі

Оқу мақсатына жету деп

Сапалы сабақтың критерийлары қандай болады


7 ответов


1. Оқу мақсаттарына сәйкес білім беру
2. Оқушы сіздің сабағыңызды түсінген кезде.
3. Оқушылардың қабілеттері мен деңгейіне сәйкес білім беру.

Сабақтың мақсаты айқын, мазмұны сапалы, әдіс тәсілдері, оқушы белсенділігі, кері байланыс, уақыт тиімділігі.

Сабақ тақырыбына сай құж және осы сабаққа тақырыбына сай келетін әліс-тәсілдер, мұғалім және оқушы арасындағы байланыс

Зерттеу тобындағы мұғалімдерден сабақты бақылау әдісін қолданғанға сабақты талдауға арналған бақылау парағы жасалды, осы арқылы мұғалім мен оқушы назарда ұсталды.





Сынып жетекшісінің сыныпқа мінездемесі:

7 «Ә» сыныбында 30 оқушы білім алуда. 17 ер бала, 13 қыз бала. Оқушылар арасында мектептің ішкі тәртібіне бағынбайтын оқушы нақты байқалмайды. «Қиын бала» есебінде оқушы жоқ. Сыныптың психологиялық ахуалы қолайлы деп айтуға болады. Мектепшілік қоғамдық жұмыстарына белсене қатысатын оқушы «жоқ» есебінде. Сынып оқушыларының оқу белсенділігі «төмен деңгейде» деп айтуға болады. Сабаққа дайындалып, сабақ айтатын саны – 4-5 оқушымен шектелген. Мұғалімдермен сұқбаттасуға, пікір алмасуға, креативті ойлармен бөлісуге оқушылар бағытталмаған. Шығармашылық қабілеті басым, үнемі ізденіс үстінде жүретін оқушылар «жоқ» есебінде. Себебі пәндік олимпиадалар мен байқауларға 2023-2024 оқу жылында қатысқан оқушы болмаған.

7 «Д» сыныбында 30 білім алушы, 18 ұл, 12 қыз оқиды. Бұл сыныптың қиыншылығы білім сапасының төмендігі, білім алушылар өздерінің сабаққа зейін қоймай, екі-үш тәртіпсіз оқушылардың әсерінен қалғандарының да сабақ тындамауында болды.

Пән мұғалімдердің сыныпқа берген мінездемесі:

Таным процестерінің қалыптасуы

1. Ойлау қабілеті жас ерекшелігіне сай. Жанартылған «Тындалым, айтылым, оқулым, жазылым» дағдыларын барлық оқушы менгеруде. Бірақ сабақ үстінде ойын айтуға, еркін айтуға мақсатталған оқушы - 4-5. «Айтылым» дағдыларын орындай алмайтын оқушылар байқалады.
2. Есте сақтау қабілеттері талапқа сай. «Тындалым» тапсырмалары орындалады.
3. Зейіндері сабақтың басында дұрыс болмайды. Сыныптың тәртібі сабақ үстінде нашар. Мұғалімді, бір-бірлерін тындамайды. Сабақ ортасында мазасызданады. Сабақтарға қызығушылығы төмен оқушылар басым.
4. Барлық баланың сауаты ашылған. Сауаты ашылмаған бала жоқ.
5. «Жазылым» дағдылары төмен. Каллиграфия төмен. Тек көшіруге бағытталған. Эссе жазуды, ПОПС формула бойынша тапсырмаларды соткадан көріп тек көшіріп жазуға дағдыланған. Өндеу, цитаталар пайдалану, ұзын сөйлемді қысқарту деген амалдарды пайдалануды білмейді.

Алдымен сыныптың проблемасы анықтауға жұмыстар жүргізілді. Проблема оқушылардың білім сапасының төмендігінің салдары, ол

оқушылардың өздерін басқара алмай сабаққа зейіндерін шоғырландыра алмауында екендігі анықталды.

Зерттеудің негізгі мақсаты – оқушылардың қызығушылығын арттырып, интерактивті оқыту әдістерінің тиімділігін жақсарту болды.

Әр жұмысты жоспарлауда, рефлексия жасауда ғалымдардың зерттеу туралы мынадай айтқан ойларын әрқашан жадымызда ұстадық. Зерттеусіз әрекет жоқ; Әрекетсіз зерттеу болмайды» Курт Левин (Бұл жай ғана деректер жинау және ол туралы мақалалар жазу емес). - «Түбінде мұғалімдер мектеп әлемін өзгертетін егер оны түсінсе» (1981), Лоуренс Стенхаус

Аталған сыныптардағы мәселелерді зерттеу үшін әртүрлі зерттеу әдістері қолданылды. Сауалнама, сынып ішіндегі бақылау, сұхбат - мұғалімдер мен оқушылардан интерактивті әдістердің әсері туралы пікірлерін алу, тәжірибелік сабақтардың мақсаты әртүрлі пәндерде интерактивті әдістерді (топтық жұмыс, ойын тәсілдері, цифрлық технологиялар) қолданып, олардың әсерлерін талдау болды. Зерттеуге қолданылған әдебиеттер негізінен «Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер» С.Симбаева Нұр-Сұлтан, 2019; Visible Learning. J.Hattie.

Біз ғылыми еңбектерді зерттедік, сандық әдістерді қолдандық, яғни оқушылардың "Күнделік" жүйесіндегі жиынтық және қалыптастырушы бағаларын мұқият талдадық. Сабақ өткізетін мұғалімдермен фокус-топтық сұхбаттар жүргізілді. Сонымен қатар, осы сынып оқушыларымен онлайн сауалнамалар алынды. Сабаққа бақылау жүргізу – мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестікті талдауға жиі қолданылған ең тиімді құрал болды. Алайда, сабаққа бақылау жүргізу – ең пайдалы құралдардың бірі болғанымен, қиындықтар да кездесті. Зерттеушілер саны аз болғанда сабақты тиімді бақылау қиын болды. Толыққанды бақылау үшін бар назарды сабаққа аудару қажет, бұл кейде мүмкін болмады. Осы мәселені шешу үшін біз сабақтың кейбір тұстарын бейнежазбаға түсірдік. Бұл әдіс бақылауға қатыса алмаған мұғалімдер үшін пайдалы шешім болды.

Бұл сыныптардағы мәселелердің себебін анықтау үшін біз көп уақыт жұмсадық. Тиісті әдебиеттерді зерттеу арқылы мәселені ғылыми тұрғыдан қарастырдық. Бұл әдістер оң нәтижелерге әкелді. Тиісті әдебиеттерді қарастыра отырып, өз нәтижелерімізді сараладық.

Сауалнамалар мен сұхбаттар оқушылардан кері байланыс жинауға көмектесті. Әріптестер арасында фокус-топтық сұхбаттар ұйымдастырылды. Ең күрделі әдіс – терең сұхбаттар жүргізу болды, себебі бұл уақыт пен талдамалық қабілетті талап етті.

Әрбір зерттеу әдісінің өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Дегенмен, осы әдістердің барлығы оқу ортасындағы мәселені анықтап, оны нақтылауға көмектесті.

Еріктілер жұмысты жақсарту мақсатында біршама мұғалімдерге арналған әдеби және әдістемелік кітаптарды оқуды ұсынды. Оларды атап айтсам: М.Жұмабаев «Педагогика», Петров Григорий «Мінсіз мұғалім», Робин Р,Джексон «Шәкіртіңнен аспа».Онлайн және офлайн тренингтарда

берілген John Hatt (2009). Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. Routledge. материалдармен бөлісіп оқып, талдадық.

7Ә сынып жетекшісінің сөзінен үзінді: «Сыныбыммен жұмыс жасаған топ мүшелерінен өте көп тәжірибе алмастым. Білім алушыларды бойында бір-біріне деген қамқорлық, сыйластықтары артты. Үлгерімі төмен білім алушылардың өздерінде алға ұмтылу көрінді. Әдеттегідей жоспар құрастыра отырып, топ жетекшілерінің сабаққа қатысып, білім алушыларды зерттей бастады.

Зерттеу топ мүшелерімен байқағанымыз мұғалім өз инициативасымен, өз еркімен жұмыс істесе ғана табандылықпен жұмыс істейді. Зерттеу тобына кіріп жұмыс істегісі келмегендер болды. Дегенмен мектеп әкімшілігі жағынан тәртіп қадағаланбаса, координатор мұғалімдермен әдістемелік көмек көрсеткендіктен жұмыс жүріп отырды. Сондықтан апта сайын топ басшылармыен кездескенде жоспармен жұмыс істелініп отырылды. Директорлармен өткізілген онлайн жиналыс та жауапкершілік бар екенін білдіріп отырды.

Зерттеуші мұғалім, зерттеу жұмысымен айналысатын болса, онда өз-өзіне: «Мен қандай мұғаліммін?» , «Менің сабақтарымды барлық оқушы түсіне ме?», «Мен қайтсем, жұмысымды жақсарт аламын?», - деген сұрақтарды қоюы тиіс.

Осы сұрақтардың жауабын іздеу барысында, ең алдымен, зерттеу топ мүшелеріне қажетті әдебиеттермен танысу қажеттіліктері байқалды. Отандық және шет елдік тәжірибелермен танысып, топ мүшелермен талқылау жұмыстары жүргізілді. Шет елдік педагогтардың тәжірибесін зерделеп қарайтын болсақ, Д.Уэстонның пікірінше, күнделікті жұмыс барысындағы іс-тәжірибеден үйрену арқылы оқуға да болады. П.Сенгенің пікірінше, әріптестер арасында диалог жүргізу арқылы да жұмыс барысын жақсартуға болатынын айтқан.

Ұжымға әдістемелік көмек көрсету негізінде 2 мектепшілік тренингтар өткізілді. 2024 жылдың 11- қараша күні мұғалімдерге арналған «Оқушы-шамшырақ, тек оны жаға білу керек» атты тренинг өткізілді. Мақсаты: Кәсіби өсу мұғалімнің білімін, дағдыларын және тәжірибесін арттыру. Кәсіби өсу мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқу сапасын арттырып, оқушыларға тиімді білім беруді қамтамасыз етеді. Дегенмен, еріктілердің қатысушы мұғалімдердің саны ойлағандай көп болмады. Тренингте шабыттанған мұғалімдер саны көп екені қуантты, дегенмен зерттеуге арналған кітаптарды мұғалімдер көп оқымайтыны және оқуға уақыттары жетпейтіні анықталды.

19-ақпан күні мұғалімдерге арналған тренинг «Зерттеу әдістері» атты ұйымдастырылды. Бұл жерде мұғалімдермен зерттеуге арналған мақалалар талқыланды, Сандық және сапалық әдістер туралы айтылды.

7 Д сыныбы мен 7 Ә сынып білім алушыларының білім алуға қызығушылықтарын арттыру үшін бірлесе жоспар жасалынды.

Сыныпты жасалған жоспардың бір тапсырмасы оқушыларды сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыра отырып белсенділікке, өз бетінше жұмыс жасауға, ойлануға, ұжымдық әрекетте тәрбиелеу болды. Қоңырау арасында оқушыларды қызықтыратын логикалық, шығармашылық тапсырмаларға арналған ойындар ұйымдастырылды. Жоспарға сай пән мұғалімдері зерттеу сабақтарын, сыныптан тыс жұмыстар өткізді.

Сыныппен өткізген зерттеу сабақтар:

28-қараша күні, 7 Д сыныбында, геометрия сабағынан «Үшбұрыштар теңдігінің белгілері» тақырыбында сабақ өткізді. Топтық жұмыстарды білім алушылар қызыға орындады.Үздік оқитын А және Е деген білім алушылар сабаққа белсене қатыса алмады. Сабақтан соң А және Е атты білім алушылар сабаққа қатысып отырған мұғалімдерден қысылғанын айтты. Сабақ барысында білім алушылардың топтық жұмыс жасауда төселіп қалғаны байқалды. Сыныптан тыс жұмыс ұйымдастырылды. Сабақтың мақсаты оқушыларды Отанды сүйуге тәрбиелеу, туған елін, жерін қорғау әрбір азаматтың міндеті екенін білгізу және ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеу. Сыныптан тыс жұмыстар жүргізу арқылы оқушыларды белсенділікке, өз бетінше жұмыс жасауға, ойлануға, ізденуге, ұжымдық әрекетке тәрбиелеу болды.

Осы бақылау сабағының нәтижесінде сабақтарда мұғалімдердің қолданған диалогтік оқыту әдісі, проблемалық оқыту әдісі топтық жұмыс, жұптық жұмыс арқылы жасалынды. Оқушылар жұптық жұмыстарда белсенділіктері жоғарыланды. Топтық жұмыстарда белгілі бір оқушылар шетте қалды.

Пән мұғалімдері белсенді әдіс -тәсілдерді қолдана отырып, сабақты тартымды қызықты өткізуге оқушы белсенділігін арттыруға тырысты. Оқушылардың басым көпшілігінің сабаққа ынтасы артқаны байқалды. Сабақ уақытында жеке,топпен , жұппен жұмыстар жүргізілді. Топты бағалау, өзара бағалауға оқушыларда алға жылжу процесі байқалды. Бірақ, әлі де үлкен жұмыстар жүргізу керек. Жалпы бірлесіп жұмыс жасаудың пайдасы өте көп екенін байқадық. Өйткені, әрбір топ мүшесінің өз ойы, әдіс- тәсілі бар және ол әдіс- тәсілдерді бірлесіп пайдалану арқылы сабақтың мақсатына, зерттеу жұмысының мақсатына жетіп отырдық.

7 Ә- сынып оқушылары әсіресе, тарих, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ әдебиеті, химиядан өткен зерттеу сабақтарына қызығушылықпен қатысты.

Бұл сыныпта сонымен қатар қазақ әдебиеті сабақта балаларды қызықтыру мақсатында түрлі АКТ платформалары пайдаланылды. Оқушылар шығармадағы ұлттық құндылықтарды бүгінгі күнмен байланыстыра сөйлеп, өз ойларымен бөлісті. Демек, бұл сыныпқа заманауи платформаларды қолданып, өткізген сабақ ұнайды. Сабақта бос отырған оқушы болмады. Сонымен қатар, ағылшын тілінен өткізілген сабаққа да оқушылар қызығушылығы жоғары болды. Білім алушылардың назарын сабаққа аударғаннан соң жаңа сабақ тақырыбы түсіндірілді. Жаңа сабақты түсіндіру барысында салыстырмалы суреттер, ереже кестелері қолданылды. Ұтымды болған тапсырма мобильді телефонмен орындалатын тапсырмалар болды.

11-желтоқсанда Қазақстан тарихы сабағынан «Тарих- ғасырлар куәсі» тақырыбында танымдық сабағын өткізді. Сабақтың басы оқушылардың бойында сенімділік пен жақсы көңіл-күй орната отырып, сыныпта жағымды ахуал қалыптастырумен басталды. Оқушылар тақырып бойынша бейнематериалдан үзінді көріп болғаннан кейін жеке және жұптық тапсырмаларды орындауға көшті. «Жылдар сөйлейді», «Дерекпен жұмыс», сызбаны толтыру тапсырмаларын белсенді орындады. «Сен маған, Мен саған» белсенді әдіс тапсырмасы арқылы оқушылар тақырып бойынша бір-біріне қойған сұрақтарға жауап беріп бәсекелестікке түсу арқылы, пәнге деген қызығушылықтары артып, тақырыпты толық және жеңіл меңгере алды. Барлық тапсырмаға дескриптор беріліп, нақты бағаланып отырды. Сабақ бойы мұғалім тарапынан оқушыларға қолдау жасалып, сыныпта шынайы қамқорлық сезілді. Сабақ соңында «Білім қоржыны» арқылы сабаққа кері байланыс жасалып, оқушылардың тапсырманы орындауы, жауаптары, белсенділіктері, бағалау критерийлері ескеріліп нақты бағалары қойылды.

Сабақ барысында 7 Д сыныбын 2-тоқсанда 4 топқа бөліп отырғызып, әр топқа топбасшы сайланды. Бұл кейбір пәндерге ғана оңтайлы көрініс тапты. 2 тоқсанның алғашқы 2 аптасында оқушылардың тәрбиесіне аса көңіл бөліп, топпен оқуға қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.

"Тарих - ғасырлар куәсі" атты танымдық сабақ, «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты ашық сынып сағаты өткізілді. Наурыз мейрамына байланысты «Ұлттық ойындар» сынып сағаты өткізіліп, мейрам сыныпта аталынып өтілді. Сыныппен музейге, кинотеатрға және оқушылар сарайына саяхатқа бардық. бойынша Сыныпқа айтылған тапсырма бойынша, сыныптың білім алушылары өз беттерімен «Ана-өмір шуағы» атты ашық сынып сағатын өткізді. Нәтижесінде ата-аналардан қолдау көрсетіліп, оқушылар белсенділік танытты. Оқу жылы бойы ата-аналармен жеке байланыста болып, әр оқушының білім сапасының төмендеу себебін анықтап және оның алдын алу жұмыстарын жүргізілді.

Қорытындылау бөлімінде оқушылардың оқулықтан және бейнекөрсетілімнен алған білімдерін тексеру мақсатында Learning apps платформасында дайындалған тапсырмаларды орындатты. Сабақты қорытындылай келе мақсатқа жетті деуге болады, оған дәлел кері байланыс өте жақсы көрсеткіш көрсетті. Оқушылардың білімі бағалау критерийлер бойынша бағаланды, үйге тапсырма берілді.

13 наурызда жетекші және серіктес мектептер арасында жоспар бойынша «Оқушылардың оқу әрекетін зерттеу: тиімді әдістер мен тәсілдер» тақырыбында мектепішілік семинар-практикум ұйымдастырылды. Семинардың мақсаты: Оқушылардың оқу әрекетін зерттеу арқылы тиімді оқыту әдістерімен бөлісу, тәжірибе алмасу. Семинарға №77 мен №19 мектептің ұстаздары қатысты. Алғы сөз директордың БЮ орынбасары Байбақы Айтжан берілді. Семинар барысында мектепте атқарылып жатқан зерттеу тобының жұмыстарымен Абдығаликова Индира «Іс-әрекетті зерттеудің маңызы», Мусағалиева Перизат «Әдебиеттік оқу пәнінде, білім алушылардың сұрақ қою дағдысын арттыру» зерттеу сұрағы негізінде атқарылған жұмыстар бойынша тәжірибелерімен бөлісті. Практикалық бөлімде білім берудің жаңа әдістерін қолдана отырып, «Нәтиже сабақ» Олжабаева Арайлым, «Центрлік және осьтік симметрия» Сулеймән Еркегуль практикалық сабақтар өткізді. Сабақ барысында зерттеу топтары жоғары белсенділік танытып, серіктес және жетекші мектептердің педагогтарымен бірлесіп талқылау жұмыстарын жүргізді. Сабақтар аяқталғаннан кейін мұғалімдер бірігіп сабақтың нәтижелерін талқылып, ұсыныстарын ортаға салды. Бұл семинар мектебіміздің ұстаздары мен серіктес мектептердің педагогтары арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, тәжірибе алмасуға зор мүмкіндік беруге бағытталған маңызды қадам болып табылды.

Share халықаралық жобасында «Біз нені үйрендік?» қалалық конференциясында зерттеу топтағы мұғалімдер постер қорғады.

Білім алушылардың әрекетін бақылау арқылы мұғалімнің де әрекеті назарға алынды. Әріптестер бірлесе жоспар жасаудың маңызын түсінді, сыншы достың пікірін қабылдауды, оқушының әрбір іс-әрекетіне мән беру керектігі түсінікті болды. Оқушы үніне үңілу кәсіби әрекетімізге өзгерістер әкелді. Әр жасалған іс-әрекетке рефлексия жасау керектігін ұғындық.

Біздің мектептегі Оқыту мен Оқу туралы төмендегілерді білдік:

- Оқушылар сабаққа белсенді қатысқанда ғана жақсырақ ынталанады.
- Жұппен жұмыс топтық жұмысқа қарағанда тиімді, өйткені сыныптар үлкен және оқушылар саны көп.
- Өз әдістерін үнемі саралап отыратын мұғалімдер тиімді стратегияларды тез анықтай алады.

- Оқушылар білімінің өмірмен байланысын көргенде, олардың белсенділігі артады.

Осы зерттеу барысында тиімді командалық жұмыс үшін келесі негізгі шарттарды анықтадық:

- Тұрақты кездесулер мен құрылымды талқылау форматы жұмыстың өнімділігін арттырады.
- Ашық қарым-қатынас өзгерістерге қарсыласуды азайтады.
- Топ жұмысының сәтті болуы үшін қолайлы орта (уақыт, ресурстар, әкімшілік қолдау) өте маңызды.
- Негізгі қиындықтар – уақыттың жетіспеушілігі мен қатысушылардың әртүрлі деңгейдегі жауапкершілігі.

Осы қиындықтарды жеңу үшін біз келесі шараларды жүзеге асырдық. Нақты белгіленген кездесулер кестесін құрдық. Зерттеу деректері мен нәтижелеріне ортақ қолжетімділікті қамтылды. Процестің тиімді өтуі үшін әкімшілік тарапынан қолдау алдық.

Келесі жолы талқылаулар мен деректерді талдауға көбірек уақыт бөлу, шешім қабылдау үдерісіне көбірек әріптестерді тарту, топтағы рөлдер мен міндеттерді нақты анықтау жұмыстарына көбірек назар аударамыз.

Жыл бойы жұмыстың динамикасы әртүрлі болды. Негізгі 5 тіктің ынтымақтастықты қолдауы ол барлық қатысушылардың пікірін тыңдап, ашық әрі жайлы орта қалыптастыру сенім мен қатысуды арттырды.

Топ басшыларымен нақты мақсат қою – зерттеу үшін айқын мақсаттар мен міндеттерді анықтау жұмыстың нәтижелі болуын қамтамасыз етті.

Корлинатор тарапынан қолдау мен ресурстар ұсыну – қажетті материалдармен, уақытпен және әкімшілік қолдаумен қамтамасыз еткен көшбасшылар зерттеудің тиімді өтуіне ықпал етті.

Зерттеу сабақтарында рефлексия үлгісін көрсету – өзін-өзі талдау жасап, өз тәжірибесін ашық бөліскен көшбасшылар басқаларды да солай жасауға ынталандырды.

Жалпы сыныппен жұмыстар жүргізудің нәтижесінде бірнеше оқушылар сабаққа зейін қойып білім сапасын көтерді. Пән олимпиадаларына қатысып, нәтиже көрсете бастады. Түрлі мектепішілік, қалалық байқауларға қатысып, сыйлы марапаттармен марапатталды. Тұйық оқушылар өз өнерлерін көрсетіп ашыла бастады.

Зерттеу сабақтарының нәтижесінде екі сыныпта білім сапасының өскені байқалады. Сонымен зерттеу сабақтары біраз оқушыға әсер етті, әсіресе сынып қыздарының сабаққа қызығушылығы байқалды.

Екі сыныптың салыстырмалы мониторинг көрсеткіштері

7 Ә - сыныбы

1-тоқсан -30 % көрсетті

2-тоқсан-39% көрсетті

3-тоқсан-42% көрсетті

4-тоқсан 45% көрсетті

Жылдық -45% көрсетті

7 Д- сыныбы


1-тоқсан -15% көрсетті

2-тоқсан-27% көрсетті

3-тоқсан-37% көрсетті

4-тоқсан 27% көрсетті

Жылдық -43% көрсетті




Оқушылардың әңгіме, сұхбат өткізгеннен кейін байқағанымыз, олар қателесуден қорықпайды, шынайы сөйлеп, сенімділікпен сөйлейтіндігі байқалды. Ұстаздардың жауабын зерделей келе, зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу үшін жан-жақты жұмыстар атқарылуы қажет екендігін көрсетеді. Яғни зерттеуге деген қызығушылығы бар ұстаз бен осы іс-әрекетті шынайы бақылауда ұстайтын, қолдау көрсетіп бірге жұмыс жасайтын әкімшіліктің болуы маңызды екенін көруге болады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе пассивті қабылдауға негізделсе, интерактивті оқыту әдістері оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

1. Сабақтарда қандай тапсырмалар оңай және қандай тапсырмалар жасаған ұнайды?

14 ответов


[Копировать диаграмму](#)



2. Қандай тапсырмаларды орындау қиын?

14 ответов


[Копировать диаграмму](#)



3. Бірнеше басқа пән мұғалімдері сабақтарға қатысқанда өзіңді қалай сезінесің?

14 ответов

[Копировать диаграмму](#)



4. Оқу жылының басымен салыстырғанда сабаққа қызығушылығың өзгерді ма? Оқу сапаң жақсарды ма?

14 ответов

[Копировать диаграмму](#)

